- Рост и развитие рогов. У самцов копытных, таких как лоси и олени, ежегодно отрастают рога – процесс энергозатратный и требующий минералов. Недостаток соли напрямую влияет на их размер и качество.

- Развитие потомства у самок. Беременность и кормление детенышей сильно нагружают организм самки. Минеральный баланс помогает формировать здоровое потомство и повышает выживаемость молодняка.

- Поддержка иммунитета. Минералы помогают животным справляться с болезнями, стрессами и суровыми зимними условиями.

- Восполнение потерь минералов. Во время движения, роста, линьки или стрессов животные теряют минералы. Солонцы восполняют этот дефицит естественным и безопасным способом.

Далее сотрудники нацпарка настоятельно обращаются к туристам: «Посетителям важно помнить: кормушки и солонцы – не туристический объект. Подходить, трогать или подсыпать что-либо запрещено – даже с добрыми намерениями можно нарушить природный баланс и навредить животным. Наблюдать за дикой природой следует только с безопасного расстояния».

<https://www.zakon.kz/obshestvo/65>

ЧЕРНЫЙ ДРОЗД СТАЛ ПТИЦЕЙ 2026 ГОДА В КАЗАХСТАНЕ

Каждый год в Казахстане выбирают «Птицу года». В 2026 году ею стал черный дрозд, сообщает Zakon.kz.

Известно, что голосование проходило среди членов Казахстанской ассоциации сохранения биоразнообразия (АСБК), и дрозд набрал 65% голосов, обойдя крикву – самую известную утку страны.

Черный дрозд (лат. Turdus merula) живет рядом с человеком круглый год. Он обитает в лесах, парках и городских зеленых зонах. Самцы черные с ярко-желтым клювом, самки – темно-бурые, а молодые птицы пестрые. Дрозды поют уже с конца февраля и строят гнезда на кустах и деревьях, откладывая 3-7 яиц. Они питаются насекомыми, червями, ягодами и плодами, помогая природе. Хотя черный дрозд не редкий вид и не занесен в Красную книгу, он сталкивается с угрозами городского образа жизни: сокращением зеленых зон, исчезновением пищи и загрязнением. Песня черного дрозда разнообразна и мелодична. Он считается одним из лучших певцов среди птиц.



В 2025 году символом был стервятник. Еще птицами года были кречетка, деревенская ласточка, журавли, черный жаворонок, обыкновенный скворец, большая синица, степной орел, гусь-пискулька, савка, серпоклюв, домовый воробей, филин, большой пестрый дятел, дрофа, балобан, пеликан, соловей, синяя птица, сплюшка.

<https://www.zakon.kz/sobytiia/>

ИЗ ВОЛЬЕРОВ — В ЛЕСА: В КАРКАРАЛИНСКОМ НАЦПАРКЕ ВЫПУСТИЛИ ЧЕТЫРЕХ МАРАЛОВ

Недавно дикие животные вернулись в естественную среду обитания

В период с 2022 по 2032 годы на территории Каркаралинского государственного национального природного парка реализуется программа реинтродукции маралов, содержащихся в полувольных условиях, сообщает Kazpravda.kz со ссылкой на Комитет лесного хозяйства и животного мира Минэкологии.

В соответствии с годовым планом работы по адаптации маралов, выращенных в полувольных условиях, к естественной среде обитания проводятся поэтапно. В рамках этого плана четыре марала, находившиеся в полувольных условиях, были полностью выпущены на свободу, то есть в дикую природу. Маралы



были выпущены в Кентском лесничестве, квартал 103, выдел 4, и их адаптация к природной среде взята под контроль. Мероприятие проведено в целях сохранения численности диких животных и восстановления их естественной среды обитания.

<https://kazpravda.kz/>

КАЗАКСТАНҒА ТАҒЫ ДА БІРНЕШЕ АМУР ЖОЛБАРЫСЫ ӘКЕЛІНЕДІ



Көктемнің соңында Қазақстанға тағы төрт амур жолбарысын әкелу жоспарланып отыр. Бұл туралы ҚР Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев мәлімдеді, деп хабарлайды turkystan.kz.

Жолбарыстарға келсек, олардың жағдайы жақсы, вольерде ұсталып отыр. Өткен жылы, 2023 жылдың желтоқсанында шағылысу болды. Өкінішке қарай, ол кезде ұрықтану болмады.

Алайда биыл жылдың басында бұл процесс қайта тіркелді, сондықтан осы жұптан төл аламыз деп үміттенеміз», – деді Нысанбаев Мәжілісте брифингте. Министр бағдарламаны одан әрі кеңейту жоспарлары туралы да айтты.

«Сонымен қатар сәуір-мамыр айларында Ресей тарапымен жасалған келісімге сәйкес тағы төрт жолбарыс әкелуді жоспарлап отырмыз», – деп қосты министр.

Еске салайық, 2024 жылдың қыркүйегінде Қазақстанға Нидерландтан (Stichting AAR орталығы) екі амур жолбарысы – аталығы Богдан мен аналығы Кума әкелінген болатын. Бұл Іле-Балқаш резерваты аумағында жолбарыстар популяциясын қайта қалпына келтіру бағдарламасының алғашқы кезеңі еді. Бұл өңірде Тұран жолбарысы 70 жылдан астам уақыт бұрын жойылып кеткен.

Жыртқыштар 3 гектар аумақты қамтитын вольерлерге бейімделіп үлгерді. Олар табиғи азыққа (жабайы қабан, елік) көшіп, екі қысты да жақсы өткерді.

<https://turkystan.kz/article/>

ШАРЫН ШАТҚАЛЫНДА ҚЫЗЫЛ КІТАПТАҒЫ САБАНШЫ ВИДЕОҒА ТҮСІП ҚАЛДЫ



АЛМАТЫ. KAZINFORM — Шарын мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің ресми парақшасында сабаншы (манул) мен оның күшігі түсірілген кадрлар жарияланды.

Ерекше видео шатқал аумағындағы жабайы жануарларды жоспарлы бақылау кезінде түсірілген.

Парк мамандарының айтуынша, видео табиғаттағы мониторинг кезінде алынған. Кадрларда ересек сабаншы әуелі айналаны аса сақтықпен шолып шығып, қауіп жоқ екеніне көз

жеткізеді.

Осыдан кейін тастардың арасынан оның күшігі шығып, енесіне қарай бет алады.

— Видеоға жабайы табиғаттағы ең сирек әрі әсерлі сәттердің бірі — сабаншының күшігімен қауышуы түсіп қалды, — делінген ұлттық парк таратқан ақпаратта.

Мамандар сабаншы мысық тұқымдасының ең сақ әрі көзге түсе бермейтін өкілдерінің бірі деп сипаттайды. Олар көбіне жеке тіршілік етеді, адамнан бойын аулақ ұстайды және әсіресе төлдеу кезеңінде көзге өте сирек шалынады.

— Сабаншыны табиғатта көрудің өзі — некен-саяқ жағдай. Ал оның күшігімен бірге түсуі — ғылым үшін аса құнды табыс, — дейді парк қызметкерлері.

Ұлттық парк өкілдері аналық сабаншының күшігімен бірге жүруі өңір экожүйесінің тұрақты екенін және сирек жануарлардың көбеюіне жағдай барын аңғартатынын атап өтті. Қазақстанда сабаншы Қызыл кітапқа енгізілген және мемлекет қорғауында.

<https://kaz.inform.kz/>


АСТАНА. KAZINFORM. 1 сәуір – Халықаралық құстар күні. Бұл – олардың экожүйедегі сүбелі ролін еске салатын маңызды күн. Экологиялық датаның, әсіресе, «Бурабай» ұлттық паркі үшін мәні айрықша. Себебі көктем келгенде, онда жыл құстары оралып, орман-тоғайды әсем әнге бөлейді.

Бурабайда құстардың 221 түрі тіршілік етеді. Олардың 16-сы Қазақстанның Қызыл кітабына енген. Ал 21 түрі Халықаралық табиғатты қорғау одағының тізімінде бар. Жойылып бара жатқан құстар ретінде сұңқылдақ аққу, балықшы түйғын, бүркіт, аққуырық суббүркіт, лашын, дала қыраны, ақбас тырна және үкіні атауға болады. Бұл құстардың экожүйені сақтаудағы орны ерек.

Жазғытұрым табиғат қайта тірілгендей әсер қалдырады. Мәселен, қазірдің өзінде көлдерге аққулар қонған. Мұндай әр құбылыс – кездейсоқтық емес, мыңдаған жыл бойы қалыптасқан табиғи жүйенің мінсіз үйлесімі.

«Бурабай» ұлттық паркінің экожүйесінде негізгі рөлді құстар атқарады. Олар жөндіктермен және ұсақ жануарлармен қоректеніп, зиянкестердің көбейіп кетуіне жол бермейді. Сондай-ақ ағаш және өсімдік тұқымдарын

БУРАБАЙ ОРМАҒАДАҒЫ ӘСЕМ ӘН: ҚҰСТАР ТАБИҒАТТАҒЫ МІНСІЗ ЖҮЙЕНІ ҚАМАЙ САҚТАЙДЫ



таратуға үлес қосып, орманның өсіп-кенеюіне ықпал етеді. Бұдан бөлек, құстар – биоиндикатор, яғни олардың жағдайы мен санына қарап, тұтас табиғаттың жайы жөнінде білуге болады.

Халық арасында «Құстарды қоректендіруге бола ма?» деген сұрақ жиі туындайды. Жалпы, ұлттық парк аумағында жабайы жануарларға қорек беруге тыйым салынған. Бұл – ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы бұлжымас ереже. Алайда жылы жақтарға ұшпай, қыстап қалатын ұсақ құстар үшін арнайы жем салғыштар бар. Олар көлдердің жағасында, елдімекендерде орнатылған.

Оқушыларды табиғатты қорғауға тәрбиелеу мақсатында осындай арнайы орындарда құстарға жем беруге рұқсат етіледі. Әдетте, балалар шымшық, көктеке, сауысқан және көгершіндерді қоректендіреді.

Ескеретін маңызды жайт – аққу, бүркіт т.б. ірі, жабайы және жыртқыш құстар қолдан қоректендіруге мұқтаж емес. Олар өз азығын өзі тауып жей алады және адамнан қашып, аулақ жүреді. Қанаттылардың тіршілігіне араласып, қилігу оларға кері әсерін тигізеді, қоректену, тіршілік ету дағдысын бұзады.

Құстар – көктемнің символы ғана емес, сонымен қатар экожүйенің нәзік әрі ажырамаз

бөлігі. Оларға зарар келтіру бүкіл табиғатты ойрандауы мүмкін. Сондықтан ұлттық паркте құстар мен жануарлардың ұяларын, апандарын, індерін және құмырсқа илеулерін бұзуға қатаң тыйым салынады. Бұл – қағаз жүзіндегі ереже емес, табиғатты сақтауға ауадай қажет шаралар.

Бүгінде Бурабай ормандарында құстар сайрап, төңіректі әуез бен әуенге толтырған. Осындай әсем әнді ертен ести аламыз ба? Бұл біздің табиғатқа деген қамқорлығымызға тікелей байланысты.

<https://kaz.inform.kz/news>



АРАЛ ҮШІН КҮРЕС: НЕ ӨЗГЕРДІ?

АРАЛ – ҰЛТТЫҚ ЖАУАПҚЕРШІЛІК: ӨНІРДЕГІ ЖҰМЫСТАР ҚАНДАЙ НӘТИЖЕ БЕРІП ЖАТЫР?

Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Арал теңізінің тағдырын тек экологиялық емес, ұлттық қауіпсіздік пен болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілік мәселесі ретінде атап өткен болатын. Президент өңірдегі экожүйені қалпына келтіру, су ресурстарын тиімді басқару және халықаралық әріптестікті күшейту қажеттігін нақты тапсырмалармен айқындады.

Осы міндеттер аясында Қызылорда облысында қандай нақты жұмыстар атқарылып жатыр, су көлемі артып жатыр ма, сексеуіл егу қаншалықты тиімді? BAQ.KZ тілшісі осы және өзге де сауалдарды Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жансұлтанұлына қойды.

– Мемлекет басшысы Аралды сақтау мәселесін Ұлттық құрылтай деңгейінде көтерді. Бұл өнірлік жұмысқа қандай серпін берді?

– Президенттің Ұлттық құрылтайдағы ұстанымы біз үшін нақты бағдар болды. Аралды сақтау - бір ведомствоның немесе бір жобаның емес, кешенді әрі ұзақ мерзімді мемлекеттік саясаттың бөлігі екені айқын айтылды. Осыған сәйкес біз экология, су ресурстары, орман шаруашылығы және ауыл шаруашылығы бағыттарын бір жүйеге келтіріп жұмыс істеп келеміз.

– Қазіргі таңда Арал теңізінің су деңгейі қандай? Соңғы жылдардағы динамика не көрсетіп отыр?

– Арал теңізінің негізгі су көзі - Сырдария өзені. Соңғы үш жылда Солтүстік Аралға 6 млрд 417 млн текше метр су жеткізілді. Қазіргі таңда теңіздегі су көлемі 22,85 млрд текше метрді құрайды. Бұл - он динамика. 2023 жылы су көлемі 20,49 млрд м³ болса, 2024 жылы 22,08 млрд м³-ке, ал 2025 жылы 22,85 млрд м³-ке жетті. Яғни, теңізге жиналған су көлемі жыл сайын артып келеді.

– Бұл көрсеткіштер қандай нақты су көздері арқылы қамтамасыз етіліп отыр?

– Кіші Арал теңізіне жіберілген су көлемі Қаратөре су бекеті арқылы есептеледі. 2023 жылы – 2 млрд 42 млн м³, 2024 жылы – 2 млрд 602 млн м³, 2025 жылы – 1 млрд 773 млн м³ су жіберілді.

– Аралдың құрғаған табанында сексеуіл егу жұмыстары не үшін маңызды?

– Бүгінде Арал теңізінің құрғаған ұлтаны 6 млн гектарды құрайды, оның 2,8 млн гектары Қазақстан аумағында. Осы аймақтан жыл сайын көтерілетін тұзды-шанды дауылдар экологияға да, халық денсаулығына да үлкен қауіп төндіреді. Бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы - фито-орманмелiorация, яғни тұзды және суарылмайтын топыраққа бейім өсімдіктерді отырғызу. Сексеуіл, сарысазан, қарабарак, жыңғыл – осындай галофитті өсімдіктер. Негізгі мақсат – шөлейттенуді тоқтату, құмды бекіту және тұздың ауаға таралуын азайту.

– Сексеуіл егу нәтижесі ғылыми

тұрғыда қалай бағаланып жатыр?

– Бұл жұмыстар қатан ғылыми бақылауда. Арал теңізінің құрғаған табанында 1 млн 71 мың гектар алқапта топырақ зерттеу және жобалау жұмыстары жүргізілді. 2024 жылдан бастап арнайы бақылау комиссиясы құрылып, оған Орман шаруашылығы комитеті, Ботаника және фитоинтродукция институтының ғалымдары, сондай-ақ жергілікті орман шаруашылығы мамандары кірді.

– Осы уақытқа дейін нақты қанша гектар жерге сексеуіл егілді?

– 2004 жылы Аралды құтқару қоры гранты есебінен Арал теңізінің құрғаған ұлтанында 1,1 мың га жерге, 2005-2006 жылдары Германия ынтымақтастық ұйымы ГТС грант есебінен 1,3 мың га сексеуіл отырғызу жұмыстары жүргізілді. 2008-2014 жылдары Қазақстан, Дүниежүзілік банк және Ғаламдық экологиялық қоры арқылы қаржыландырылған «Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасы аясында Арал теңізінің құрғаған ұлтанында 57,4 мың га жерге сексеуіл егу жұмыстары жүргізілді. Мемлекет басшысының 2021-2025 жылдар ішінде Арал теңізінің құрғаған ұлтанында 1,1 млн га сексеуіл екпелерін ұлғайту жөнінде тапсырмасын орындау мақсатында 2021-2024 жылдары барлығы 659,1 мың гектар алқапқа екпелер жасалды. Оның ішінде 332,5 мың гектары облыстық деңгейде, қалған көлем 326,6 мың гектары Орман шаруашылығы комитетімен атқарылды.

– Бұл жұмыстарды жүргізуде негізгі кедергілер қандай?

– Сексеуіл егу барысында бірқатар қиындықтар туындайды. Негізгі қиындықтарға климаттың өте құрғақ болуы, жалпы теңіз ұлтанындағы топырақтардың қалыптаспауы, қатты желдің әсерінен топырақтың деградацияға ұшырауы, шамадан тыс тұзды болуы, жауын-шашынның аздығы, қатты желдер өзіне кедергі келтіреді.

– Аралды сақтау сексеуілмен шектелмейтіні белгілі. Су ресурстары бойынша қандай жүйелі жобалар бар?

– Бұл бағытта Қараөзек су қоймасының жобасы әзірленді. Жобаның құны - 3,8 млрд теңгені құрайды, су жинау көлемі – 775 млн текше метр. Жобаны Ислам даму банкінің «Климаттық орнықты су ресурстарын дамыту 1-кезең» жобасы аясында Министрлік тарапынан қаржыландыруға ұсынылып, жыл соңына дейін іске асыру жұмыстары басталады деп жоспарлануда. Сондай-ақ Аманөткел су торабын салу жобасы қаралауда. Бұл нысандар Кіші және Үлкен Аралға кететін суды тиімді реттеуге мүмкіндік береді.

– Кіші Аралды сақтауда Көкарал бөгетінің қазіргі жай-күйі қандай?

– Көкарал бөгетін сақтау жобасының жалпы құны 4,3 млрд теңге. Жоба 2022–2026 жылдарға жоспарланған. Бүгінге дейін 3,9 млрд теңге игерілді. Құрылыс жұмыстары 2026 жылдың соңына дейін толық аяқталады деп күтілуде.

<https://baq.kz/aral-ulttyq->

КОГДА УХОДИТ ВОДА: КАК ОБМЕЛЕНИЕ КАСПИЯ МЕНЯЕТ ЭКОНОМИКУ ЗАПАДА КАЗАХСТАНА

Обмеление Каспийского моря все отчетливее выходит за рамки экологической повестки, напрямую затрагивая экономику, логистику и качество жизни прибрежных регионов Казахстана. Особенно остро последствия снижения уровня воды ощущает Мангистауская область — ключевой узел транзита и нефтяной инфраструктуры страны, пишет Казинформ.



Как отмечают в Министерстве экологии и природных ресурсов РК, уровень Каспийского моря демонстрирует устойчивую тенденцию к снижению. За период с 2006 по 2024 год он опустился более чем на два метра, а в первой половине 2025 года в казахстанском секторе достиг отметки минус 29,3 метра. Самые низкие показатели фиксируются в восточной части моря, а в Северном и Среднем Каспии за последние пять лет уровень воды снизился почти на метр.

Эксперты связывают происходящее прежде всего с изменением климата: сокращением осадков и ростом испарения. По данным наблюдений, Каспийский регион нагревается почти в три раза быстрее среднемировых темпов, что ускоряет процесс обмеления. Дополнительное влияние оказывают и хозяйственные факторы, включая дноуглубительные работы, проводимые для обеспечения судоходства и нефтяных проектов. Снижение уровня моря уже оказывает заметное давление на экономику региона. В акимате Мангистауской области сообщили, что наибольшую потерю несут нефтегазовая отрасль, морская логистика и портовая инфраструктура. Уменьшение глубин ограничивает грузоподъемность судов, вынуждает регулярно проводить дноуглубительные работы и увеличивает расходы перевозчиков. Так, в Актауском морском порту суда сегодня заходят с неполной загрузкой, а дополнительные затраты на перешвартовку и очистку дна исчисляются сотнями миллионов тенге в год. В портах Курык и Актау реализуются проекты по углублению акваторий, чтобы сохранить

работу Транскаспийского международного транспортного маршрута — так называемого Среднего коридора, имеющего стратегическое значение для транзита между Европой и Азией. Обмеление Каспия сказывается и на туристической отрасли. Отступление береговой линии сокращает пляжные зоны и снижает привлекательность традиционного морского отдыха. Власти региона отмечают переориентацию туризма на экотуристические, культурно-исторические и пустынные маршруты, менее зависимые от уровня воды. Отдельную обеспокоенность вызывает влияние обмеления на здоровье населения. Высохшие участки дна становятся источниками пылевых и солевых бурь, которые переносят загрязняющие вещества и повышают риск заболеваний органов дыхания. Кроме того, снижение уровня моря может осложнить водоснабжение Актау, где питьевая и техническая вода поступает по каналам, напрямую связанным с Каспием. Параллельно страдает экосистема и рыбная отрасль. Экологи указывают, что масштабные дноуглубительные работы в северной части моря нарушают кормовую базу рыб и каспийского тюленя, хотя в портах такие меры остаются вынужденными для поддержания судоходства. В ответ регион развивает рыбные фермы, морские садки и программы зарыбления.

Казахстан, в свою очередь, усиливает международное взаимодействие в рамках Тегеранской конвенции и разрабатывает совместный с прикаспийскими странами план действий по реагированию на колебания уровня Каспийского моря на 2025–2035 годы. С 2025 года также начал работу Научно-исследовательский институт Каспийского моря, задачей которого станет мониторинг и научное сопровождение мер по сохранению уникальной экосистемы.

Эксперты подчеркивают: без согласованных решений на региональном уровне, включая диалог по водопользованию с соседними странами, риски для экономики и экологии Каспия будут только нарастать.

<https://azh.kz/ru/news>

ҚАЗАҚСТАНДА СУДЫ ІЗДЕУДІҢ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАРЫ ШҰҒЫЛ ТҮРДЕ БАСТАЛМАҚ



Қазақстанда 2027 жылға дейін елдің бес өңірінде жер асты суының жаңа көздерін анықтау үшін іздестіру-барлау жұмыстары жүргізілмек, деп хабарлайды Zakon.kz. Атап айтқанда, бұл жұмыстар Ақмола, Батыс Қазақстан, Қостанай облыстарында, сондай-ақ Жетісу және Ұлытау облыстарында жүргізіледі. Бұл туралы 2026 жылғы 19 наурызда

Су ресурстары және ирригация министрлігінде мәлімдеді.

«Жұмыстар жер асты суларының ресурстық базасын кеңейтуге және елді мекендерді, ауыл шаруашылығын және экономиканың басқа да салаларын сумен қамтамасыз етудің қосымша көздерін қалыптастыруға бағытталған», – деп түсіндірді ведомство.

Сонымен қатар, 2026 жылы жер асты су кен орындарын барлау бойынша 28 жаңа жобаны әзірлеу жоспарлануда. Оның ішінде тоғыз жоба – Жамбыл облысында, үш жоба – Ақмола облысында, төртеуден – Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарында, екеуден – Маңғыстау және Атырау облыстарында, бір-бірден – Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қызылорда облыстарында және Ұлытау облысында жүзеге асырылады.

«Жалпы алғанда, Қазақстан аумағында ауызсу және техникалық сумен жабдықтау, суару және өзге де шаруашылық қажеттіліктер үшін арналған жер асты суының 4803 кен орны барланған. Мемлекеттік баланс деректеріне сәйкес, жер асты суларының пайдалануға жарамды қоры тәулігіне 43,2 млн м³ құрайды. Ал нақты пайдалану көлемі тәулігіне шамамен 1,5 млн м³ немесе

Продолжение на стр.7

Начало на стр.6

ҚАЗАҚСТАНДА СУДЫ ІЗДЕУДІҢ АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАРЫ ШҰҒЫЛ ТҮРДЕ БАСТАЛМАҚ

жалпы көлемнің 3,6%-ын ғана құрайды», – деп мәлімдеді Су ресурстары министрлігі.

Барланған қор құрылымында тәулігіне 21,2 млн м³ шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне, 2,4 млн м³ өндірістік-техникалық мақсаттарға, ал 19,6 млн м³ суару мақсаттарына пайдалануға арналған. «Су ресурстары тапшылығының артуы және климаттың өзгеруі жағдайында жер асты суларының әлуетін дамыту тұрақты су пайдалануды қамтамасыз етудің негізгі бағыттарының бірі ретінде қарастырылады. Жер асты су ресурстарының әлуеті жоғары болғанымен, олардың едәуір бөлігі әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Осыған байланысты Су ресурстары және ирригация министрлігі жер асты суларын кешенді пайдалану тұжырымдамасын әзірледі бастады. Бұл құжат жер асты су ресурстарын басқарудың заманауи жүйесін қалыптастыруға бағытталған. Аталған тұжырымдаманы іске асыру жер асты суларын игерудің тиімділігін арттыруға, елді мекендер мен экономиканың түрлі салаларын тұрақты және ұтымды сумен қамтамасыз етуге, сондай-ақ су қорларын сақтау мен толықтыруға мүмкіндік береді», – деді Су ресурстары және ирригация вице-министрі Талғат Момышев.

<https://kaz.zakon.kz/>



Жетісу облыстық туризм басқармасының мәліметінше, Мемлекет басшысының ірі мегаполистер мен облыс орталықтарының қала маңы аймақтарында экопарктер құру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында биыл Талдықорған, Текелі, Сарқан қалаларында 3 экопарк құрылады, деп жазады Egemen.kz.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНДА БИЫЛ ҮШ БІРДЕЙ ЖАҢА ЭКОПАРК ҚҰРЫЛАДЫ

Жергілікті маңызы бар қорғалатын нысандар тізіміне енгізілген «Тасбақа» экопаркiнiң аумағы 38 гектар болса, «Черкасай» экопаркiнiң аумағы 21 гектар болмақ, сол сияқты «Қойтас» паркi эко-парк мәртебесiн иеленедi.

Облыстық туризм басқармасының басшысы Сәкен Түкiбаевтiң айтуынша, бұл 3 экопарктер өнiрдегi экологиялық және мәдени-танымдық туризмдi дамытуға тың серпiн бередi. «Талдықорғаннан үш шақырым жерде орналасқан «Тасбақа» экопаркi қонақтардың бiркүндiк және демалыс кезiндегi тынығуына қолайлы болмақ. Онда шолу аланы, автотұрақ жасалып,

беседкалар, санитарлық тораптар, орындықтар, коқыс контейнерлерi қойылады.

Ал Текелi қаласы маңындағы «Черкасай» экопаркi отбасылық әрi белсендi демалыс үшiн қолайлы болады. «Қойтас» экопаркiне келсек, ол Сарқан қаласының iшiнде орналасқан. Оның бiр ерекшелiгi – табиғи ландшафты сақталған, онда «Жонғар Алатауы» мемлекеттiк ұлттық табиғи паркiнде өсетiн ағаштар отырғызылып, паркi мекендейтiн жануарлардың мүсiндерi орнатылған, жалпы ұлттық паркiнiң флорасы мен фаунасынан кеңiнен хабар бередi», дедi Сәкен Түкiбаев.

<https://egemen.kz/article/>

Сотрудники Павлодарского учреждения по охране лесов и животного мира, в составе которого шесть лесничеств региона, занимаются защитой и улучшением среды обитания животных. 72 лесных инспектора регулярно патрулируют закрепленные за ними участки – обходы, за каждым из них в среднем закреплено 700 га. В пойме Иртыша установили около 80 кормушек и 40 солонцов, смонтировали десятки скворечников.



ЛЕСНИКИ ПОДКАРМЛИВАЮТ ДИКИХ ЖИВОТНЫХ

По словам руководителя учреждения Ажда Рахымжановы, летом и осенью для прикорма животных заготовлено 4 тыс. кормовых веников из карагача и березы, 4,5 тонны сена и зерноотходов, 180 кг соли. Это позволит подопечным легче пережить морозы и снежные бураны. После лесники регулярно пополняют запасы.

Косули, а в Павлодарской области их насчитывается почти 5 тыс., уже облюбовали места с сеном и солью, зайцы и птицы нашли для себя зерно.

Работа лесников распространяется и на водных обитателей пойменных территорий. В отштупованных водоемах бурят лунки и устанавливают камыш, чтобы обеспечить рыбу кислородом и предотвратить ее гибель из-за полного промерзания воды. Лесники также проводят воспитательную работу в школах области, где наглядно показывают детям, как смастерить кормушку или скворечник.

<https://kazpravda.kz/>

30 САЖЕНЦЕВ ВЫСАДИЛИ В АЛМАТИНСКОЙ ОБЛАСТИ В РАМКАХ АКЦИИ «ПРОГОЛОСУЙ И ПОСАДИ СВОЕ ДЕРЕВО»



В Уйгурском районе Алматинской области стартовала значимая экологическая инициатива под девизом «Проголосуй и посади свое дерево». Акция объединила стремление жителей к выполнению гражданского долга и заботу о родной природе, передает BAQ.KZ.

ПАВЛОДАР. KAZINFORM — Өнiрдегi су айдындарының барлығы муз күрсанып жатқанына қарамастан Ертіс — Баян өнiрiне аққулар ұшып келе бастады. Алғашқылары Ақсу ауылдық аймағынан байқалды.

Облыстық орман және жануарлар дүниесiн қорғау мекемесiнiң басшысы Ажда Жүсiпов облысқа аққулардың ұшып келе бастағанын хабарлады. Құстар сұңқылдақ және кықылдақ аққу түрлерiне жатады.


— Ақсу ауылдық аймағы мен Павлодар ауданының далалы жерлерiндегi ерiген қар суына аққулар қона бастады. Қауырсын қанаттыларды бiздiң мекеменiң инспекторлары байқаған. Аққулардың келуi алдағы уақытта күннiң күрт жылынаынын бiлдiредi. Олардың iшiндегi

Основным местом проведения мероприятия стала территория средней школы имени Ж. Кудайбергенова. При активном участии специалистов лесного хозяйства КГУ «Қарадала» здесь было высажено 30 молодых деревьев. Организаторы отметили, что главная цель акции - формирование у людей новой культуры ответственности. Сочетание участия в государственно значимом событии с посадкой дерева наглядно демонстрирует, как личный вклад каждого человека превращается в общее благо. Особый акцент был сделан на экологическом просвещении подрастающего поколения. Участники мероприятия с большой ответственностью подошли к процессу, понимая, что за каждым высаженным деревом стоит зеленое будущее их родного края.

Жители района с воодушевлением поддержали идею, отметив, что посадка дерева в такой важный день символизирует рост и процветание страны, ведь забота о будущем начинается с конкретных добрых дел на родной земле.

<https://rus.baq.kz/>

ПАВЛОДАР ӨҢІРІНЕ АҚҚУЛАР ҰШЫП КЕЛЕ БАСТАДЫ




сұңқылдақ аққулар елімізде кен тараған, көбіне республикамыздың Солтүстік, Орталық және Оңтүстік-Шығыс өңірлерінің қалың қамысты-қоғалы ірі көлдерін мекендейді.

Қызыл кітапқа енген кықылдақ аққу да бiздiң аймақта кездеседi, — дейдi мекеме басшысы.

<https://kaz.inform.kz/>

ШҚО-ДА СИРЕК КЕЗДЕСЕТІН АҢ-ҚҰС САНЫ НАҚТЫЛАНЫП ЖАТЫР



Шығыс Қазақстанда сирек кездесетін және Қызыл кітапқа енген аң-құстардың саны нақтыланып жатыр. Бұл бағытта Батыс Алтай қорығы мен Катон-Қарағай ұлттық паркiнiң мамандары арнайы зерттеу жүргiзуде. Мамандар орман мен таулы аймақтарға орнатылған фототұзақтар арқылы жиналған деректердi сараптап, сирек кездесетiн жабайы жануарлардың мекендейтiн орындарын анықтайды.

Сонымен бiрге қорықшылар таулы аймақтарға көтерiлiп, құстардың бұзылған ұяларын қалпына келтiрiп, тұз тағысына жем-шөп шашып қарайласып жатыр. Бұл жақында ғана фототұзаққа түскен бейнелер. Қар барысы мен тау ешкiлер бейнекамерадан еш қаймықпайды. Мамандар мұндай заманауи құрылғылар қызыл кітапқа енген аңдардың мекенi мен санын анықтауға үлкен көмек дейдi. Одан бөлек, мамандар сол деректердi нақтылау үшiн қалың орман мен тау-тасты аралап шығады.

Бүгiнде Қазақстан аумағында сирек кездесетiн, қызыл кітапқа енген жабайы

жануардың 57 түрi бар. Кейбiрiнiң тiптен жойылып кету қаупi бар. Ондаған жылдар бойы жабайы табиғатты көзiнiң қарашығындай қорғап жүрген Мұрат Раисов бұл бiздiң тiкелей мiндетiмiз дейдi.

Мұрат Раисов, Өскемен орман шаруашылығының қызметкерi:

- Зансыз аң аулаудың алдын алу мақсатында биылғы жылдары көптеген рейдтер болды. iшкi iстер бөлiмiнiң қызметкерлерiмен бiрге жүргiздiк. Қазiргi жағдайда бүгiн мотосанамен жүргiзiп келiп отырмыз. Осы маңайда жүрген елiктердi көрiп қайттық. Мына жоғары қарай судың бойында Сiлжесiннiң

өткен iздерi бар екен. Мамандар жинаған мәлiмет бойынша Алтай тауларында 11 қар барысы, 60-тан астам дуадақ, 90-ға жуық ителгi мен 75 бүркiт мекендейдi. Орнитолог Сергей Стариков бұл көрсеткiштi одан әрi арттыру қажет дейдi. Бiрнеше жылдан берi ол сирек кездесетiн құстардың көшi-қон карталарын жасап, олардың популяциясына әсер ететiн факторларды зерттеп келедi.

Сергей Стариков, орнитолог:

- Қызыл кітапқа құстардың сирек кездесетiн түрлерiнiң 10%-ы ғана енген, ал iс жүзiнде бұл көрсеткiш 70 пайыз болуы тиiс. Себебi соңғы жылдары жабайы құстар тез жойылып барады. Өйткенi адам фактордың әсерiнен бiрiншi олардың мекен ететiн аймағы жойылып жатыр. Тiршiлiк ету ортасы тарылған соң олар өзге жақтарға қоныс аударып кетедi. Жабайы аң-құстарды есепке алу ең бiрiншiден табиғи тепе-теңдiктi сақтауға мүмкiндiк бередi. Сондай-ақ аң аулау лимитiн жасау үшiн де қажет.

Мерхат Әмiров, табиғи ресурстар басқармасы басшысының орынбасары:

- Облыс аумағында құстардың 300-ден артық түрi бар. Сонымен қатар сүт қоректiлердiң 94 түрi бар. Жабайы жануарларды 13 орман шаруашылығы бар қорғайтын. Аумақтық инспекция және құқық қорғау органдарымен қорғалады бұл жануарлардың барлығы.

Елдiң шығысындағы қорықтар, табиғи резерваттар мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жалпы аумағы миллиондаған гектарды алып жатыр. Осындай кең аумақтарды қорғау бұрын айтарлықтай қиындық туғызатын. Алайда қазiргi заманғы техникалық мүмкiндiктер бұл жұмысты әлдеқайда тиiмдi етуге жол ашты. Соның iшiнде ұшқышсыз ұшу аппараттары (дрондар) табиғатты қорғау iсiнде маңызды құралға айналып отыр.

<https://24.kz/kz/>

Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан (далее – Услугодатель) оказывает государственную услугу «Предоставление экологической информации» (Государственная услуга) физическим и юридическим лицам с целью обеспечения населения достоверной информацией о состоянии окружающей среды и ее объектов.

На основании «Правил оказания государствен-

ных услуг в области охраны окружающей среды», утвержденных Приказом министра экологии и природных ресурсов Республики Казахстан от 02 июня 2020 года № 130 (Правила), порядок предоставления государственной услуги оказывается с момента подачи документов через веб-портал «Электронное правительство» www.egov.kz в течение 1 (одного) рабочего дня.

Режим работы веб-портала «Электронное правительство» осуществляется круглосуточно, за исключением технических перерывов, связанных с

проведением ремонтных работ (при обращении услугополучателя после окончания рабочего времени, в выходные и праздничные дни, согласно Трудовому кодексу Республики Казахстан от 23 ноября 2015 года, прием заявлений и выдача результатов оказания государственной услуги осуществляются в течение следующего рабочего дня).

Государственная услуга предоставляется на бесплатной основе. В заявлении необходимо указать наименование и реестровый номер запрашиваемого документа.

Информация о предоставлении государственной услуги размещена на сайте Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан в разделе «Услуги» (www.ecogeo.gov.kz) и на сайте РГП «ИАЦ ООС» в разделе «Государственная услуга» (<https://iacoos.kz/>).

На сайте <http://ecogofond.kz> можно также ознакомиться с базой данных и реестрами Государственного фонда экологической информации.

Телефон для справок: 8(7172) 24-96-18.

ОБУЧАЮЩИЕ СЕМИНАРЫ ПО ВОПРОСАМ ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ПРИРОДОПОЛЬЗОВАНИЯ

РГП на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» Министерства экологии и природных ресурсов РК на регулярной основе осуществляет организацию и проведение краткосрочных обучающих семинаров по вопросам экологии и охраны окружающей среды.

Семинары охватывают такие секторы экономики, как энергетический, горнодобывающий, агропромышленный, сельскохозяйственный. В состав лекторов входят руководители комитетов и департаментов Министерства экологии и природных ресурсов, а также независимые эксперты.

В состав лекторов входят руководители комитетов и департаментов Министерства экологии и природных ресурсов, а также независимые эксперты.

Слушателями семинаров являются природопользователи, представители неправительственных организаций, преподаватели высших учебных заведений.

В период с 4 по 6 февраля 2026 г., а также с 18 по 20 февраля 2026 г. организованы и проведены семинары на темы: «Система экологического контроля и управления: ключевые элементы и практическое применение», «Экологический кодекс и его правоприменение». Семинары прошли в форматах онлайн и офлайн.

В период с 10 по 12 марта 2026 г., а также с 18-го по 20-е марта 2026 г. в форматах онлайн и офлайн проведены семинары на темы: «Актуальные изменения Экологического кодекса РК», «Производственный экологический контроль», «Автоматизированная система мониторинга эмиссий», «Управление отходами», «Инвентаризация парниковых газов».

Для участия в семинарах необходимо заполнить электронную регистрационную форму по ссылке <https://forms.gle/gDtmSV3gRPStr7y9>.

По всем вопросам обращаться: 8(7172) 24-88-92, +7 775 882 6145;

электронный адрес: seminar.iac@iacoos.kz

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША ОҚУ СЕМИНАРЛАРЫ

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК тұрақты негізде экология және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша қысқа мерзімді оқыту семинарларын ұйымдастырады және өткізеді. Семинарлар экономиканың энергетика, тау-кен өнеркәсібі, агроөнеркәсіп, ауыл шаруашылығы сияқты салаларын қамтиды. Лекторлар құрамында Экология және табиғи ресурстар министрлігінің комитеттері мен департаменттерінің басшылары, тәуелсіз сарапшылар бар. Семинарларға табиғат пайдаланушылар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, сондай-ақ жоғары оқу орындарының оқытушылары қатыса алады.

2026 жылдың 04-06 ақпан аралығында, сонымен қатар 18-20 ақпан аралығында «Экологиялық бақылау және басқару жүйесі: негізгі элементтері және практикалық қолданылуы», «Эколо-

гиялық кодекс және оның орындалуын қамтамасыз ету» тақырыбында семинар ұйымдастырылды. Семинар онлайн және офлайн форматтарында өтті.

2026 жылдың 10-12 наурызында және 18-20 наурыз аралығында онлайн және офлайн форматтарында «ҚР Экологиялық кодексіне өзекті өзгерістер енгізу», «Өндірістік экологиялық бақылау», «Эмиссиялар мониторингінің автоматтандырылған жүйесі», «Қалдықтарды басқару», «Парниктік газдарды түгендеу» тақырыптарда семинарлар өткізілді.

Семинарларға қатысу үшін <https://forms.gle/gDtmSV3gRPStr7y9> сілтемесі бойынша электронды тіркеу формасын толтыру қажет.

Барлық сұрақтар бойынша: 8(7172) 24-88-92, +7 775 882 6145;

электрондық пошта: seminar.iac@iacoos.kz

НАЦИОНАЛЬНЫЙ ДОКЛАД О СОСТОЯНИИ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ИСПОЛЬЗОВАНИИ ПРИРОДНЫХ РЕСУРСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗА 2025 ГОД

Министерством экологии и природных ресурсов Республики Казахстан инициирована работа по формированию Национального доклада о состоянии окружающей среды и использовании природных ресурсов Республики Казахстан за 2025 год (Национальный доклад).

Национальный доклад разрабатывается ежегодно в соответствии с п.1 ст.23 Экологического кодекса РК от 02.01.2021 г. в целях обеспечения государственных органов, общественных, других заинтересованных организаций и населения республики объективной и систематизированной информацией о качестве окружающей среды, ее экологическом состоянии и тенденциях изменения под воздействием антропогенной нагрузки и природных факторов.

Содержащаяся в Национальном докладе информация основывается на официальных материалах, предоставляемых центральными государственными и местными исполнительными органами, неправительственными и международными организациями.

Систематизация, обработка данных и фор-

мирование Национального доклада выполняются РГП «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан.

Электронные версии Национального доклада на государственном и русском языках опубликованы на официальном сайте МЭП РК <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/activities/directions?lang=ru> и Едином экологическом Интернет-ресурсе <https://ecogofond.kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoy-informacii/jekologijaly-zhadaj/r-orsha-an-ortany-zhaj-k-ji-turaly-ltty-bajandamalar/>.

С бумажными версиями Национального доклада можно ознакомиться в Государственном фонде экологической информации. Получить электронную версию возможно в рамках государственной услуги «Предоставление экологической информации» через веб-портал «Электронное правительство» www.egov.kz в течение 1 (одного) рабочего дня.

2025 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ТУРААЛЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТАБИҒИ РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ ТУРАЛЫ ҰЛТТЫҚ БАЯНДАМА

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі қоршаған ортаның жай-күйі және Қазақстан Республикасының табиғи ресурстарын пайдалану туралы 2025 жылға арналған Ұлттық баяндама басталған.

Ұлттық баяндама жыл сайын ҚР 02.01.2021 ж. Экологиялық Кодексінің 23-бабының 1-тармағына сәйкес мемлекеттік органдарды, қоғамдық, басқа да мүдделі ұйымдарды және республика халқын қоршаған ортаның сапасы, оның экологиялық жай-күйі және антропогендік жүктеме мен табиғи факторлардың әсерінен өзгеру үрдістері туралы объективті және жүйеленген ақпаратпен қамтамасыз ету мақсатында әзірленеді.

Ұлттық баяндамада қамтылған мәліметтер орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы билік органдары, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдар ұсынатын ресми материалдарға негізделеді.

Деректерді жүйелеуді, өңдеуді және Ұлттық есепті қалыптастыруды Қазақстан Ре-

спубликасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны жүзеге асырады. Ұлттық баяндаманың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі электронды нұсқалары ҚР ЭГТММ <https://www.gov.kz/memleket/entities/ecogeo/activities/directions?lang=ru> ресми сайтында және <https://ecogofond.kz/kz/orhusskaja-konvencija/dostup-k-jekologicheskoy-informacii/jekologijaly-zhadaj/r-orsha-an-ortany-zhaj-k-ji-turaly-ltty-bajandamalar/>

Бірыңғай экологиялық интернет-ресурсында жарияланған.

Ұлттық баяндаманың қағаз нұсқасымен Мемлекеттік экологиялық ақпарат қорында, сондай-ақ электрондық нұсқасымен «Экологиялық ақпарат беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет шеңберінде www.egov.kz

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы 1 (бір) жұмыс күні ішінде танысуға болады.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ГАЗЕТІ • РЕСПУБЛИКАНСКАЯ СПЕЦИАЛИЗИРОВАННАЯ ГАЗЕТА



ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫ
ЭКОЛОГИЯ КАЗАХСТАНА

WWW.IACOOS.KZ - WWW.ECOGOSFOND.KZ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУДЫҢ АҚПАРАТТЫҚ – ТАЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ
ИНФОРМАЦИОННО-АНАЛИТИЧЕСКИЙ ЦЕНТР ОХРАНЫ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ

Республиканская специализированная некоммерческая газета «ҚАЗАҚСТАН ЭКОЛОГИЯСЫ»

Собственник: РГП на ПХВ «Информационно-аналитический центр охраны окружающей среды» МЭП РК. Поставлено на учет Комитетом информации и архивов Министерства культуры и информатизации РК.

Свидетельство о постановке на учет СМН № 6381-Г от 10.10.2005г.

Адрес редакции: 010000, г. Астана, ул. Мәңгілік Ел, д.11/1, 7 этаж, тел.: (7172) 24-94-11, e-mail: nd-19@mail.ru

Редакционная группа «КЭ»:

Ж.Мурзабекова, А. Айтмолдаева, Р.Садыкова. Издается 1 раз в квартал. Публикуется на Едином экологическом интернет-ресурсе МЭП РК ecogofond.kz
Отпечатано: Sanara, г.Алматы, ул.Толстого, д. 3. офис 12
Ответственность за содержание рекламных материалов несет рекламодатель.